

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ТҮЛЕКТЕРІН ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Есімғалиева Т.М.,

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті, Қазақстан

Annotation. Nowadays it is very important to prepare well qualified specialists in High Education Schools of our republic and their further job-finding. In this article the problems of graduates' job finding, methods of their right decision, personal characters of each graduate which helps them to find jobs are given in this article.

Аннотация. В настоящее время в высших учебных заведениях республики одними из главных вопросов являются качественная подготовка выпускников, дальнейшее их трудоустройство. В статье широко освещаются вопросы новой стратегии трудоустройства выпускников, личностные качества каждого выпускника, которые будут содействовать его дальнейшему трудоустройству.

Бүгінгі таңда жастарға әлемдік ғылым деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, мәдениеттілігін жетілдіру, сонымен қатар әр адамның кәсіби біліктілігі мен білімділігін, іскерлігін арттыру қоғамның міндеті. ЖОО бітірушілердің жұмысқа орналасуы тек бітірушінің ғана емес, сонымен бірге сол жоғары оқу орнының, қала берді облыс, мемлекетіміздің де алдында тұрған басты мәселелерінің бірі болып табылады. Жыл сайын жоғары білімі бар мамандар даярлаудың мемлекеттік тапсырысында техникалық, инновациялық мамандарға басымдық берілуде. Мемлекет басшысының жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясын әзірлеу жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында әзірленіп, бүгінгі таңда елімізде іске асырылып жатқан бастамалар аз емес. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын» іске асыру бірінші кезекте оқытуға, жұмысқа орналастыруға, тұрғылықты жері бойынша өзінің жеке ісін ашуды ұйымдастыруға жәрдемдесуге, ал мұндай мүмкіндіктер болмаған жағдайда, экономикалық өсу орталықтарына өз еркімен көшуіне жәрдемдесуге бағытталған. Бағдарламаны іске асыру мынадай үш бағытта жүзеге асырылатын болады:

1. Өз бетінше жұмыспен айналысушыларды, жұмыссыздарды және табысы аз адамдарды оқыту және еңбек нарығында олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу.
2. Ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу.
3. Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру /1/.

Түрлі жарыстар мен сынақтардан сүрінбей өту - кешегі барлық студенттерге еңбек сатысымен алға жылжуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, студентке өз алдына дайындалып, ізденіп білімін жетілдіріп отыруға әбден болады. Бұл дегенің, ортада өзін-өзі ұстауы, адамдармен тәрбиелі қарым-қатынас т.с.с. Кейбір студенттер университеттен терең білім алып шығуға мән берсе, ал кейбіреулері оқу оқи жүріп, еңбек етуге ден қояды. Оқу барысы нәтижесінде, диплом алып тұрған екі жас түлектің екіншісі, яғни, еңбек тәжірибесі қалыптасқан түлектің кәсіпорындарды қызықтыруы әбден мүмкін. Кейде жас түлектерге жұмыс іздеу барысында психологиялық даярлықтың жетіспеуінен кемшіліктер кездеседі, атап айтсақ, алғашқысы, өзін-өзі таныстыру кезінде:

- жағымды қабілеттерін ашып көрсете алмауы;
- ұялу, сасқалақтау, ойын ашық айта алмау сияқты эмоциялық тежелу мен тұрақсыздықтардың байқалуы;
- шектен шыға өзін мақтап жіберу. Бұл, әсіресе жұмыс берушінің алдына алғашқы барған сәтте кездеседі. Қазіргі кезде жұмыс берушілер көп сатылы қабылдау түрін шығарды, олар бірінші ғаламтор арқылы түйіндеме қабылдаса, екінші ғаламтор арқылы сұрақтар ұсынып, содан кейін ғана кеңсеге шақырады. Жұмыс беруші алдында жастар, студенттер өзін-өзі қалыптастырған, жан-жақты жетілген құзырлы тұлға, кәсіби маман ретінде көрсету керек. Жас маманның жұмысқа орналасудағы аталған қиыншылықтарын ескере отырып, оларға төмендегідей қасиеттерді игеруді қажет деп санаймын (Кесте 1):

Кәсіби маман	Тәжірибе, білім, дағды, арнайы құзыреттілік білімді игеру керек
Кәсіби этикасы	Қарым-қатынас, сөйлей алу, сыртқы келбеті, өзін-өзі ұстауы, таныстыруы
Білімді теорияда қолдану	Өз мамандығына сай, практикалық дағдысын қалыптастыру
Коммуникативтілігі	Көп тіл білу, шетел компанияларда жұмыс істеу мүмкіндігін арттыру
Жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруі	Компьютерлік бағдарламаларды игеруі, мысалға қоғамдық қызметтік түріне байланысты бағдарламаларды (Microsoft Office Word, Excel, PowerPoint) т.б. игеру
Қарым-қатынас	Ұжыммен жұмыс істеу

Болашақ мамандарды жан-жақты дамытуда ғалымдардың пікірі зерттеу деңгейі келтіріледі. Атап айтқанда, М.Қ. Бапаеваның пікірінде қарастырылады: «Еліміздің жоғары оқу орындарындағы ұстаз ғалымдардың соңғы жылдары психологиялық білім беруді жетілдіруде мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарына сәйкес оқулықтары мен оқу құралдары жарыққа шықты. Бұл оқулықтар еліміздің жоғары оқу орындарының оқыту жүйесінде кеңінен қолдануда. Жоғары мектеп адамның кәсіптік іс-әрекетке психологиялық даярлығын, ең алдымен, адамда қоғамның алға тартқан міндеттерін табысты түрде шешуге мүмкіндік беретін психологиялық іс-әрекеттердің нақты формаларын қалыптастырады. Оның үстіне, ақыл-ой іс-әрекетінің дамытылған формаларының алғы шарттары мен нышандарының мазмұны мен ерекшелігін байыпты түрде ұғыну, тек жоғары білім беру арқылы іске асырылады. Студенттердің білімі мен дағдылары, негізінен, танымдық іс-әрекеттері арқылы қалыптасады. Оқыту әрекетінде студенттердің қызығушылығы, қабілеттері, мотивтері (ниеттері), темпераменті мен мінезі тағы басқа да психикалық қырларынан көрінеді. Жоғары мектепте оқытудың психологиялық талдамасы студенттердің кәсіби дайындықтарының тиімділігін көтеруді практикалық жағынан ғана қарастырумен шектелмей, ең алдымен бұл мәселе адамның оқуға қабілеттілігін арттырып, оның мүмкіншілігі мен табиғатын түсінуге жете мән беруді қажет етеді. Осы ғылыми теорияның мәні қазіргі мәдени жағдайларда бұрынғыдан да артып отыр. Адамның осы заманғы күрделеніп жатқан білімдер ағымынан шеттеп қалмай, ғылыми және техникалық білімдердің күрт дамуы жағдайына бейімделіп, дербестігін, әлеуметтенуін, оқып білім алу қарқынынан артта қалмауға ұмтылып, күрделі мәселелерді шешіп отыруға талпынуы керек» /2/. С.М. Бахишеваның зерттеуінде мынадай келтіріледі: «Білім берудің жаңа мазмұны мен нәтижелері білім алушының қоғамы ортадан өз орнын бағдарлауға, білім мазмұны мен пәндерді өзі таңдауына бағытталып отыр. Мектепте балаларды оқытудың жекелік сипаты мен оқушының мүмкіндіктерін дамыта отырып, өз бетімен білім алуын ұйымдастыру талаптары жаңа тұрпатты мұғалімдерді, олардың жаңаша ойлау әрекеттері мен зерттеушілік ұстанымдарын қалыптастыруды көздейді. Бұл инновациялық үдерістер болашақ педагогтарды даярлайтын университеттердегі білім беру мазмұнын жаңғыртуды қажет ететіні сөзсіз. Сонымен қатар, жаңа өзгерістер педагогикалық білім беруді мазмұндық қана емес, әдістемелік және технологиялық қайта құруларды қамтамасыз ететін қисынын айқындап, білім берудің жаңа нәтижелеріне сай, оларды тиімді ұйымдастыру қызметін белгілейді. Педагогикалық мамандықтар даярлайтын жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына оқытудың жаңа технологиялары мен әдістемелерін меңгертуге арналған пәндер енгізу, бүгінгі қоғам сұранысына жауап беру қажеттігінен туындауда» /3/. Болашақ мұғалімдердің, жалпы бітіруші түлектердің өз әрекетін кәсіби қалыптасудың басты ресурсы ретінде ұйымдастыра отырып, оларды ғылыми-теориялық тұрғыдан даярлауға мүмкіндік береді. Педагог мамандығының беделін көтеріп, білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету міндеті, еліміздің жоғары оқу орындарында көптілді білімді педагог кадрларды даярлау базалық пәндер циклінде шет тілі бойынша кредиттердің көлемін ұлғайту арқылы жүзеге асуы, бұл үшін Үлгілік оқу бағдарламасының үш тілде оқытатын педагогтерді даярлау бөлігіне өзгеріс-

тер енгізілетіні туралы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған. Осы бағдарлама аясында болашақ мамандар үш тілді меңгеріп, жұмысқа орналасуына, теориялық білімін практикалық біліммен ұштастыруына, кәсіби біліктілігін арттыруына мүмкіндік ала алады /4/.

Жоғары білім беруді заман талабына сай жетілдіріп, халықаралық стандарттар деңгейіне жеткізуге батыл қадам жасап, оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру жағынан республикамыздағы жоғары оқу орындарының алдыңғы сапында келе жатқан Маңғыстау облысындағы мемлекеттік жоғары оқу орны – Шахмардан Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті. Бүгінде университет – Маңғыстау аймағының ірі ғылым және білім орталығы. Университеттің негізгі міндеті – бүгінгі әлемдегі өзгерістерге икемделуге қабілеті жоғары білікті мамандар, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау болып табылады. Университет ұжымы түлектер сабақтастығын жалғастыруда аянбай еңбек етуде. Оның дәлелі, отыз бес жылдық қызметі кезеңінде университет 30 мыңға жуық техникалық және гуманитарлық бейіндегі мамандарды дайындап шығарды.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орны түлектерінің жұмысқа орналасуы өзекті мәселе екенін ескере отырып, осы мақалада университетте 2010 жылы құрылып, жұмыс жасап келе жатқан «Жұмысқа орналастыру және мансап орталығы» (ЖОЖМО) туралы да айтып өткім келеді. Өйткені, өмірден өз орнын дұрыс тауып, болашақта кәсіби маман болып шығуға талаптану – әрбір бітіруші түлекті толғандыратын өзекті мәселе екені анық.

Университеттегі бұл орталық 3 бағытта қызмет көрсетеді: КМТЖИУ студенттерінің іс-тәжірибесін ұйымдастырады, түлектердің жұмысқа орналасуына көмектеседі және түлектеріміздің мансабы /Түлектер Ассоциациясы. Сонымен қатар, Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ түлектерінің жұмысқа орналасуда жұмыс берушілермен ынтымақтастық, серіктестік байланысын орнатуды қолдау және кеңейту, жұмысқа орналастыру саласында студенттер мен түлектерге жеке кеңестер беру негізгі қызметтері атқарылып келеді.

Жұмысқа орналастырудың басты мақсаттары - жас мамандарды еңбек нарқының жаңашыл шарттары мен өнеркәсіптік қарым-қатынасқа дағдыландыру, жас мамандарды бәсекелестікке төтеп бере алу қабілеттерін кәсіптік еңбекке машықтандыру, жас түлектерге тұрақты жұмыс орындарын іздеу ауқымын кеңейту /5/.

Жұмысқа орналастырудың жолдары : Қазіргі қаржы дағдарысы кезеңінде кадрлардың қысқаруы болып жатыр. Бұрынғы студентке мамандығы бойынша жұмыс табу мүмкіндігі соншалықты көп емес. Біздің басты міндетіміз – барлық бітіргелі отырған жастарымызды жұмыс орындарымен қамтамасыз етіліп кетуіне өз ықпалымызды тигізу. Осы мақсатта, «Жұмысқа орналастыру және мансап орталығының» ұйымдастыруымен жас түлектерге дағдарыс кезеңінде өз бетінше өмір сүруде көңілдеріне сенім мен жігер ұялататын психолог мамандардың тренинг-сабақтары өткізіліп тұрады. Университетімізде «Жұмысқа орналастыру және мансап орталығы» ұйымдастыруымен белгіленген жоспар бойынша, әрбір оқу жылында бітіруші педагогикалық мамандықтар түлектеріне «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы аясында «Ауыл болашағы жас мамандардың қолында!» атты акциясын және «Бос орындар жәрмеңкесін» қатар өткізіп отырады. Мақсатымыз – жастардың ауылдық жерлерге жұмысқа баруын кеңінен насихаттау және бітіруші түлектерді вакансиялар (бос орындар) туралы ақпараттармен құлақтандыру болатын. Жыл сайын осындай атаулы шараларға облысымыздың білім беру бөлімдерінің басшылары, мектеп директорлары, бос орындар туралы ақпаратпен ірі мұнай компания басшылары қатысады.

Сонымен бірге, университет «Маңғыстау облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мекемесімен де тығыз жұмыс жасауда. Алдыңғы қатардағы мекеме қызметкерлерінің студенттермен кездесулері ұйымдастырылып отырады. Мұнда университет пен мекемелер арасында ынтымақтастық орнату, болашақта түлектерімізді сол мекемеге жұмысқа орналастыру мәселесін шешу және студенттерді еңбек нарығында маман ретінде көрсетулеріне ықпал ету мақсатында әртүрлі семинар, тренинг, конференциялар, жұмыс беруші мекемелер мен кәсіпорындар презентациялары өткізіледі. Кейбір жағ-

дайларда студенттеріміз іс-тәжірибеден өткен кездерде, жақсы жетістіктерімен көзге түсіп, сол мекемеден сұраныс арқылы жұмысқа орналасатын жағдайлар да кездеседі. Бітіруші түлектермен жұмыс жүргізудің тағы бір бағыты - түлектермен кездесу шарасын ұйымдастыру. ЖОО бітіруші түлектерімен кездесу, олардың жетістіктерімен танысу, қол жеткен табыстарымен бөлісу дәстүрге айналған. Бұдан жоғары оқу орнының қай деңгейдегі маманды шығарғанының шынайы көрінісі болып табылады.

Еліміздегі барлық жоғары оқу орындарын бір арнаға тоғыстырған, аталған мәселелерге қатысты еліміздегі ЖОО-да 2010 жылы «Түлектер Ассоциациясы» құрылған. Бұл Ассоциация ЖОО мен түлектер арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, кемшіліктерімізді айқындап, жетістіктерімізді нығайтатын шара деп есептейміз. Түлектер Ассоциациясы - жұмысқа орналасып білікті маман атанған түлектер мансабының өсуіне зор ықпал етеді.

Сонымен қорытындылай келе, мақалада қазіргі заман ағымында түлектердің жұмысқа орналасуы, ондағы педагогикалық мәселелері қарастырылды. Жас түлектердің жұмысқа орналасуы туралы ойлар әлі де зерттеуді қажет етеді. Болашақта басқа зерттеушілермен жалғасын табады деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы. – Астана. 2011 жылғы 31 наурыз.
- 2 Бапаева М.Қ. Жоғары мектепте психологиялық білім беру процесін жетілдіру. – Алматы, 2006.
- 3 Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы. – Алматы, 2011.
- 4 «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» 2010 жылғы 7 желтоқсан.
- 5 30 лет университету. История, события, люди...». – Актауский государственный университет им.Ш. Есенова. – Актау, 2006.

ПРОБЛЕМЫ ОРГАНИЗАЦИИ ПОЛИКУЛЬТУРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ПОЛИЭТНИЧЕСКОЙ СРЕДЕ

Жакупжанова Г.С.,

Костанайский государственный педагогический институт, Казахстан

Annotation. This article is about the actuality of the study of interethnic communications for multicultural education.

За 20 лет независимости в Республике Казахстан сформировалась своя национальная система образования, которая в основе своей отвечает современным реалиям мирового образовательного процесса. Основным критерием зрелости системы образования является уровень знаний квалифицированных специалистов, их умение адаптироваться к современным глобальным изменениям мирового сообщества, способность заявить о себе далеко за пределами своей страны. Особую значимость здесь приобретает знание иностранных языков, современных информационных технологий, стремление к самосовершенствованию и неустанному получению новых знаний. Система образования, десятилетиями отвечавшая потребностям Советского государства, уже не могла быть конкурентоспособной в стране, стремительно входящей в мировой образовательный процесс. Для удовлетворения современных потребностей общества и государства назрела необходимость внедрения новой образовательной системы, флагманом которой, по замыслу идейных вдохновителей, должно было стать поликультурное образование. Несмотря на то, что поликультурное образование является еще новой областью педагогического знания, у него есть две основные особенности развития. Во-первых, на поликультурное образование возлагают надежды, что оно в будущем станет полноценной заменой устоявшейся системы образования, доставшегося в наследство от СССР с его интернациональным содержанием и устаревшей идеологической основой. Во-вторых,